



СЫРТҚЫ ЖАРНАМА ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



МІНГЕСТІРІП ҮЙ САЛУ КІМГЕ ТИІМДІ?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЕРГЕН

28-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Болашақтың алдында бәріміз бірдей жауап береміз. Кейінгі ұрпақ кімнің саяси ұстанымы қандай болғанына мән береді. Аға буынның оларға қандай мемлекетті мирас еткеніне қарап, бүгінін бағалайтын болады. Сондықтан біз ортақ мақсат жолында бірігуіміз керек.

№12
(4445)

Сейсенбі
31 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАҢА АУДАН – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Астанада жаңадан құрылған Нұра ауданының шекарасы бекітілді. Жаңа аудан елорданың 19336 гектар жер ауқымын қамтыды. Нұра ауданының шекарасы: Есіл өзені бойымен қаланың батыс бөлігінде шығысқа қарай Қабанбай батыр даңғылына дейін, одан әрі Қабанбай батыр даңғылының тақ жағы және Қарқаралы тасжолының батыс жағымен қаланың оңтүстік шекарасына дейін жалғасады.

Жаңа ауданға Нұра атауын беру ұсынысы Астана қаласы ономастика комиссиясының отырысында, Астана қаласы мәслихатының қоғамдық тыңдауларында, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің

отырысында және өзге де инстанцияларда қаралып, қолдау тапқан болатын.

«Аудан әкімі, аудан әкімдігі қызметкерлерінің штат саны, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық

бөлімшелері және басқа да ұйымдастыру жұмыстары қала мәслихатының жаңа құрамы құрылғаннан кейін айқындалатын болады» делінген Астана әкімдігінің мәліметінде.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті Қытайдың авиациялық органдарымен бірлесіп, Қазақстан мен Қытай астаналары арасында тұрақты әуе рейстерін қалпына келтіру мәселесін қарады.

БЕЙЖІН ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Осы жылдың 25 наурызынан бастап Air Astana әуе компаниясы аптасына үш рейс жиілігімен (дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі) Астана – Бейжің бағыты бойынша рейстерді қалпына келтіруді жоспарлап отыр.

Ұшулар A-321 LR ұшақтарында орындалады.

Сондай-ақ осы жылдың 13 ақпанынан бастап Air Astana Алматы мен Бейжің арасындағы рейстерді бір рейстен (дүйсенбі) аптасына бес рейске (дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі, жұма, жексенбі) біртіндеп арттыруды жоспарлап отыр. Ал көктемгі-жазғы навигация кезеңінде аптасына бес-жеті рейске дейін артады.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ АШЫЛАДЫ

Биыл Астана қаласында 30-ға жуық жобаны іске қосу жоспарланып отыр.



Елорданың дамуын қамтамасыз ететін жобаларды жүзеге асыру үшін жеке инвестициялар да тартылып жатыр. Жеке инвестициялар көлемі 118 млрд теңгеден асатын болады. Жобалардың жүзеге асырылуы барысында 2 мыңнан астам жұмыс орны құрылады.

– Жобалар аясында өнеркәсіп, медицина, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кәсіпорындар, білім беру саласындағы 5 нысан (мектептер, балабақшалар), логистика саласындағы 4 жоба, спорт кешендері және тағы басқа нысандар болады, – деп жазды Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек.



10-12 ақпан аралығында Астана қаласында жеңіл атлетикадан X Азия чемпионаты өтеді.

«Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде өтетін байрақты спорт бәсекесіне 30 елден 500-ден астам спортшы келеді.

ТМД елдері аумағында алғаш рет өткізілетін Азия чемпионаты жүгіру, лақтыру, секіру және көпсайыс секілді 27 спорт түрі бойынша өтеді.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504 \$ USD/KZT 463 ₰ RUB/KZT 6.5 ¥ CNY/KZT 67.89

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот кеңесінің төрағасы Денис Шиппті қабылдады. Президентке Жоғарғы Сот кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы, еліміздегі судьялар корпусының жай-күйі және оның тапсырмаларының іске асырылу барысы туралы мәлімет берілді.

Жоғарғы Сот кеңесі төрағасының айтуынша, судьялар корпусының құрамын қайта жаңарту мақсатында қабылданған шаралардың нәтижесінде былтыр судьялық қызметке ұсынылған адамдардың саны сот жүйесінен кеткен судьялардың санынан асып түскен.

Мемлекет басшысының сот жүйесіне нақты сала мамандарын тарту жөнінде берген тапсырмасын орындау үшін

алғаш рет жекелеген құқық салаларындағы заңгерлер арасында конкурс өткізілді. Конкурс жеңімпаздары аудандық деңгейді айналып өтіп, бірден облыстық соттың судьялары бола алады.

Бұдан бөлек, Президентке Кеңесті институционалды тұрғыда нығайтуға және оның құзыретіне соттардың кадрлық мәселелерін беруге, сондай-ақ судьялардың тәртіптік жауап-

кершілігі институтын жетілдіруге бағытталған жоспар туралы баяндалды. Сонымен қатар судьяларды іріктеу ісін жетілдіру және оның ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы бірқатар нақты тапсырма беріп, сот жүйесіндегі реформаларды сапалы жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

ВИЗАСЫЗ 30 КҮН ЖҮРУГЕ БОЛАДЫ

Шетел азаматтарының Қазақстан аумағында жүріп-тұру тәртібіне өзгерістер енгізілді. Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек онлайн брифингте хабарлады.

«Елімізде 27 қаңтардан бастап жаңартылған көші-қон ережелері күшіне енді. Енгізілген өзгерістерге сәйкес, Қазақстанға визасыз келген шетелдіктер елде 30 күн ғана жүре алады. Алты ай ішінде визасыз шетел азаматтарының елде болу мерзімі 90 күннен аспауы керек. Ал ЕАЭО (Еуразия экономикалық одағы) азаматтары үшін 180 күн ішінде 90 күннен аспайды. Бұрынғы талапта бұл мәселе реттелмеген. Яғни, шетелдіктер Қазақстанда жүріп-тұру мерзімі аяқталғаннан кейін елден кетіп, қайта келіп, мерзімді жаңарта алатын еді» деп түсіндірді өзгерістерді Шұғыла Тұрлыбек ведомствода



өткен онлайн брифингте.

Министрлік өкілі жаңа ережелердің уақытша тұру рұқсаты немесе визасы бар шетелдіктерге қатысы жоқтығын айтты. «Ереже «Халықтың көші-қон туралы» Заңның 6-бабы-

на сәйкес келтірілген. Шетел азаматтарының Қазақстанда жүріп-тұру ережесін бұзу фактісі анықталған жағдайда шекара қызметі «Халықтың көші-қон туралы» Заңның 48-бабына сәйкес шара қолданады» деді ол.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ТОПТЫҢ ЖОЛЫ КЕСІЛДІ

Елордада бір күнде есірткі сату мен сақтауға қатысы бар 5 адам ұсталды. Полиция қызметкерлері елорда аумағына есірткі заттарын жеткізуді және өткізуді жүзеге асырған қылмыстық топ жұмысының жолын кесті.

Бұл туралы polisia.kz телеграм арнасы хабар таратты. Топтың ұйымдастырушысы – бұрын сотталған 37 жастағы ер адам. Оның пәтерін тінту барысында сатуға дайындалған 8 келі гашиш, электронды таразы,

аузы жабылатын полиэтилен қапшықтар және 450 000 теңге тәркіленді. Бұдан әрі жедел іздестіру іс-шаралары жүргізіліп, есірткіні сақтаған, буып-түйген және сатумен айналысқан қылмыстық топтың тағы екі мүшесі

ұсталды. Полицейлер заңсыз айналымнан 23 келіге жуық есірткі заттарын немесе 46 мыңнан астам бір реттік дозаны тәркіледі. Барлық ұсталғандар қамауға алынды, оларға қатысты қылмыстық істер қозғалды.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Ауғанстанда 6 млн адамға ашаршылық қаупі төніп тұр.

Бұл туралы БҰҰ Бас хатшысының гуманитарлық мәселелер бойынша орынбасары Мартин Гриффитс мәлімдеді. Оның айтуынша, елдегі климаттық өзгерістер жағдайды одан әрі ушықтырып жіберді. Ауа температурасы минус 34 градусқа дейін төмендеп, 150-ден аса адам үсіп, қаза болған. Оған қоса, халыққа азық-түлік пен дәрі-дәрмек жетіспейді.



Өзбекстанда құнарынан айырылған жер көлемі 2 млн гектарға жетті.

Көрші Өзбекстан елінде де жер мәселесі өзекті. Елде құнарынан айырылған жер көлемі 2 млн гектарға жетті. Басым бөлігі су және жел эрозиясына ұшыраған. Бұл – егінге арналған алқаптың тең жартысына жуығы. Орталық Азияда бау-бақша баптауға бірден-бір бейім мемлекет енді ғалымдардың көмегіне жүгініп отыр. Мұның себебі суды көп қажет ететін мақта шаруашылығымен де байланысты.



Жапонияны үлкен демографиялық дағдарыс күтіп тұр.

Жапонияда бала туу көрсеткіші төмендеп кетті. Өмір сүрудің қымбатшылығы, ірі қалаларда бала күтіміне қатысты қолдаудың жоқтығы осыған әкелді. Бүгінде Жапония әлем бойынша бала туу көрсеткіші ең төмен мемлекеттердің бірі саналады. Былтыр 125 млн азаматы бар мемлекетте 800 мыңға жетер-жетпес саби дүниеге келген.

КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ 3 ЖЫЛДА ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбекпен бірге бас шаһардағы бірнеше кәсіпорынды аралап, қызметімен танысты.

Мәселен, ведомство басшысы елордадағы респираторлар шығаратын зауытта, модульдік үй құрылысымен айналысатын ModeX өндіріс орнында, сондай-ақ арнайы техниканы шығаратын кәсіпорын мен витраж, терезе өнімдері, медициналық жабдықтар, кеңсе жиһаздары және металл құрылымдарын дайындайтын зауытта болып,

өндіріс қарқынын бағамдап қайтты.

Сонымен қатар Марат Қарабаев бас қаладағы №2 жылу электр орталығына да аялдап, астанадағы кәріз тазарту жүйесінің жұмысын тексерді. №2 кәріз тазарту жүйесінің құрылысы биыл басталады. Бұл жүйе алдағы 3 жылдың ішінде толық іске қосылады. Осыған байла-

нысты министрлік өкілдері әкімдікпен бірлесіп, аталған нысанды жедел салу үшін өзекті мәселелерді талқылады. Елорданың қарқынды дамуын ескерсек, қала әкімдігімен бірлескен жұмыс қолайлы әрі заманауи қалалық ортаны құруға бағытталған шараларды тиімді іске асырудың негізгі жолдарын әзірлеуге септігін тигізетіні сөзсіз.

1,1 МЛН АДАМ БАНКРОТТЫҚҚА ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

Елімізде 1,1 млн адам банкроттыққа өтініш бере алады. Бұл туралы Қаржы министрінің орынбасары Ержан Біржанов мәлімдеді.

«Барлығы 1 миллион 100 адам банкроттыққа өтініш бере алады. Одан аспайды. Бірақ банкрот болу-болмауды әркім өзі шешеді» деді ол Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында. Жалпы, банкроттыққа өтініш қабылдау 3 наурызда басталады.

Сондай-ақ Ержан Біржанов банкрот деп танылған қазақстандықтарға шекарадан шығуға ешқандай шектеу қойылмайтынын жеткізді. Кей елдерде банкрот деп танылған адамдарға шетелге шығуға тыйым салынғанымен, мұндай норма Қазақстан заңнамасында көзделмеген. Министрлік өкілінің айтуынша, Қазақстан заңнамасында тек сот банкроттығы рәсімделетін тұста – процедура алты ай қаралатын кезде ғана шектеу қойылады. Себебі азамат сотқа жүгініп, шет елге шығып кетсе, процедура тоқтап қалады. Сондықтан нақты шешім қабылданғанға дейін шектеу қойылады. Одан



кейін шектеу алынады.

Қарзын (несиесін) төлей алмай жүрген қазақстандықтар 3 түрлі рәсім бойынша қарызынан құтыла алады:

Бірінші рәсім – соттан тыс банкроттық. Оны тек банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады.

Екінші рәсім – сот банкроттығы. Сот банкроттығының мақсаты – банкроттың мүлтік массасы есебінен кредитор-

лардың талаптарын барынша қанағаттандыру.

Үшінші рәсім, бұл – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, онда сот арқылы борышты бөліп-бөліп төлеу (5 жылға дейін) мүмкіндігі.

Банкрот деп танылған адам 5 жыл несие ала алмайды. Сонымен бірге, 7 жылдың ішінде өзін қайтадан банкрот деп танылу мүмкіндігінен айырылады. Олардың қаржылық жағдайы банкроттықтан кейін үш жыл бойы тексеріледі.

ТАҒАЙЫНДАУ

Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары қызметіне Нұрлан Нүркенов тағайындалды.

Ол жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, қала ортасының сапасын бақылау, қаланың санитарлық тазалығы мен кешенді абаттандыру мәселесін қадағалайды.

Нұрлан Нүркенов 1976 жылғы 3 қарашада Целиноград қаласында дүниеге келді.

С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университетін, Қазақстан Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебін, Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университетін бітірді.

Еңбек жолын 1995 жылы «Шамшырақ» ХЖҚ-да менеджер



ретінде бастады.

2003-2006 жылы Астана әкімі аппаратының ұйымдастырушылық-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманы, өндірістік сала бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.

2006-2010 жылы аралығында ҚР Президенті Іс басқарма-

сының күрделі құрылыс және техникалық қадағалау, ресми іс-шаралар мен сыртқы байланыстар жөніндегі бөлімдерінің меңгерушісі және орынбасары қызметін атқарды.

2010-2013 жылы Астанадағы «Мөлдір су» ЖШС басшысы қызметіне тағайындалды.

2013-2014 жылы Бұрабай ауданының әкімі болды.

2014-2017 жылы Ақмола облысы әкімінің өндірістік сала жөніндегі орынбасары қызметін атқарды.

2017-2019 жылы ҚР Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болды.

2019 жылғы ақпан айынан бастап Астана қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келді.

АСТАНАНЫ АБАТТАНДЫРУҒА ҮЛЕС ҚОС!

Қала өміріне қарапайым тұрғын белсенді араласып, халықшыл бастамаларға өздері ұйытқы болған жағдайда сервистік қызмет сапасы артып, әр салада серпіліс орын алады. Осы бағытта «Халық қатысатын бюджет» жобасының ережесі бас қаланың тұрғындарына түсіндіріліп, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысудың жолы көрсетілді.

Спикерлер бағдарламаның негізгі критерийлерін айтып, тұрғындарға жобаны қалай жасау керектігі туралы кеңес берді.

Сарыарқа ауданы әкімі аппаратының қолдауымен дәріс тегін өтті. Оған ерікті адамдар қатысып, білімін жетілдірді.

Астана қаласының Сарыарқа, Есіл, Байқоңыр ауданының тұрғындары «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінімін бере алады. Қазір қабылдау жүріп жатыр. Қала



тұрғындары ауласын күрделі жөндеу, гүлзар, саябақ, қоғамдық кеңістік салу, көгалдандыру және тағы басқа жобаны ұсына алады.

Қатысушылар нақты өзгерісті және

жоба үшін қажетті соманы көрсете отырып, абаттандыру жоспарын дайындау керек. Дайын жоспарды қала тұрғындары аудан әкімдігінің ресми сайтына жүктейді.

ШЕТЕЛ КӨЛІКТЕРІ ТІРКЕЛУДЕ

23 қаңтардан бері шетелден әкелінген автокөліктерді заңдастыру акциясы жүріп жатыр. Шара басталғалы елордада 218 шетелдік көлік ресми тіркеуден өтіп, нөмір берілді.



«Полиция қызметкерлері 2500 адамға кеңес берді. Сондай-ақ ХҚО

қызметкерлері «Электронды үкімет порталы» арқылы келіп түскен 2800-ден

астам өтінішті қарады» дейді елорда полициясының баспасөз қызметі.

Көлікті заңдастыру өтінішін «Электрондық үкімет» порталы арқылы беруге болады.

Ережеге сәйкес автомобиль Қазақстан аумағына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінуі тиіс. Соңғы тіркелген жердегі есептен шығарылуы және іздеуде болмауы керек. Одан бөлек, шетелдік автокөлікті кедендік тексерістен өткізу міндетті.

Автокөлікті заңдастыру төлеміне келсек, 200 мың теңге мемлекеттік алым, 4313 теңге паспорт бажы және мемлекеттік нөмір үшін 9660 теңге төлеу қажет.

Айта кетейік, шетелдік автокөліктерді заңдастыру биыл 1 шілдеге дейін жалғасады.

Шетелдік көлік иелері утиль алымнан босатылады.

Сондай-ақ шетелдік көліктерді заңдастыруға көмек көрсететін call-орталықтар іске қосылды.

САРБАЗДАР СЕРГЕКТІК ТАНЫТТЫ

Ұлттық ұлан сарбаздары Астанада екі кештің арасында жоғалып кеткен қызды анасына тауып берді.

Оқиға 28 қаңтарда сағат 18.40 шамасында орын алды. Бес жасар қызды шағын базарда жоғалтып алғаны туралы құқық қорғау органына хабарлайды. Алматы ауданындағы «От ау» тұрғын үй кешені маңында қызмет атқарып жүрген әскери жасақ шұғыл іске кірісіп кетеді.

15 минуттан кейін Ұлттық ұлан сарбаздарының көмегімен жоғалған қыз табылып, ата-анасына табысталады. Жасөспірім бірнеше көпқабатты үйлерден өтіп, ұзап кеткен екен. Анасы Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне, олардың командирлері мен ата-аналарына үлкен алғысын білдірді.

Астана қаласында №2 көпбейінді қалалық аурухана дәрігерлері өндірісте зардап шеккен жас жігіттің қолын аман сақтап қалды.

ДӘРІГЕРДІҢ ДӘРЕМЕТІ

Науқас шұғыл түрде ауыр жарақатпен ауруханаға түскен. Жас жігіттің оң қолы иығының жоғары тұсынан бөлініп кеткен.

Аталмыш ауыр отаны екі дәрігер бригадасы 2 кезеңмен жүргізді. Бірінші кезеңде ангиохирургтар қан ағымын қалпына келтіру үшін тамырларды тігіп, екінші кезеңде травматологтар бұлшық еттерді, нервтерді, сіңірлер мен сүйектерді қалыпқа келтірді.

«Ота шамамен бес сағатқа созылды. Біз әр отада барлық дене мүшесін сақтап қалуға ты-

рыстық. Бұл жолы тамыр-жүйке байламына толық ревизия жасау керек болды, тігіс барлық бұлшық еттерге қойылды, өйткені қол толықтай бөлінуге ұшыраған. Бастапқыда қолды сақтап қалу және оның функциясын қалпына келтіру мүмкіндігі аз еді. Отаның сәтті аяқталғанына өте қуаныштымыз» деді ангиохирург дәрігер Дастан Сабырұлы.

Қазір науқас оңалту курсынан өтіп жатыр, дәрігерлер оң қолдың жұмысын қалпына келтіруге белсенді қатысып, әртүрлі әдістерді қолдануға кеңес беруде.

#КЕРЕККЕҢЕС

ЕРЕЖЕ БҰЗҒАНҒА ЖАЗА ҚАТАЙДЫ

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруіне байланысты жол қозғалысы ережелерін бұзғандарға салынатын айыппұл мөлшері өсті.

Расы керек, көптеген жүргізушілер ережеге енгізілген мұндай өзгерістерден хабарсыз екені байқалады. Өйткені көшелерде жол ережесін бұзып, немесе жылдамдықты арттырғаны үшін автокөлік иесіне келетін айыппұлдардың өткен жылға қарағанда 13 пайыз өскенін айтып, шағымданушылар көп. Осыған орай жүргізушілер жол қозғалыс ережесін бұзған кезде қанша айыппұл төлейтінін ұсынамыз.

Ең төменгі есеп айырысу көрсеткіші биыл 3450 теңге болды. Сондықтан автомобиль жылдамдығын рұқсат етілгеннен сағатына 10-20 километр көтергені үшін айыппұл – 5 АЕК мөлшерінде, яғни 17250 теңге төлейсіз.

Ал жылдамдықты сағатына 20-40 километрге дейін арттырсаңыз, 10 АЕК немесе 34500 теңгеге шығынданасыз.

Тіпті жылдамдықты сағатына 40 километрден де жоғары көтеріп жіберсеңіз, 20 АЕК – 69000 теңге айыппұл салынады.

Егер әкімшілік жазаға тартылсаңыз да, жылдамдықты асыруды бір жылдың ішінде қайталайтын болсаңыз – 30 АЕК, яғни 103500 теңгеңіз бюджет қоржынына кетеді.

Сондай-ақ зиянды шығарындыларға жол беріп, жау жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұл – 20 АЕК немесе 69000 теңге;

тұрақ ақысын төлемегені үшін айыппұл – 10 350 теңге, көлікті дұрыс қоймағаны үшін – 17 250 теңге, рұқсат етілмеген жерге қойғаны үшін 34 500 теңге көлемінде болып белгіленді.

Жүргізушілік күәлігі жоқ адамның көлік жүргізгені үшін айыппұл – 20 АЕК – 69000 теңге.

Көлік жүргізу құқығынан айырылған адамның көлік құралын басқарғаны үшін айыппұл мөлшері 172500 теңге немесе соттың үкімімен 20 тәулікке қамауға алынуы мүмкін.

Бағдаршамның немесе жол қозғалысын реттеушінің рұқсат етілмеген белгісіне өтіп кету – 10 АЕК – 34500 теңге.

Осы ереже бұзу қайталанса – 15 АЕК – 51750 теңге;

Көлікте сақтандыру болмаған жағдайда 17 250 теңге

айыппұл салынады.

Көлікті жаю жүргіншілер жолына, клумбаларға, балалар мен спорт алаңдарына, сондай-ақ жолдың жиегіне немесе жүріс бөлігіне қойып кетіп, басқа жүргізушілерге кедергі келтіретін болса, жүргізуші 10 АЕК – 34500 теңге айыппұл төлейді.

Ақылы автотұрақтарға тұрғаны үшін көлік ақысын төлемегендерге – 10 АЕК – 10350 теңге айыппұл қарастырылған.

Көлік құралын басқару кезінде жүргізушінің телефонды не радиостанцияны пайдалануы – 5 АЕК (17250 теңге) мөлшерінде айыппұлмен жазаланады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – 10 АЕК (34500 теңге) мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жол-көлік оқиғасына байланысты ауыр зардаптар туындаған жағдайда, көлік құралын басқаратын және жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзған адамның жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалуы – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан 3 жылға дейінгі мерзімге айырып отырып немесе онсыз, 1000 АЕК (3 450 000 теңге) дейінгі мөлшерде айыппұл салуға

не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 600 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Сонымен қатар қоғамдық жерге түкіргені үшін қазақстандықтар алғаш рет 5 АЕК 17250 теңгеге жазаланатын болса, осы келеңсіз әрекетті қайталаса, 10 АЕК – 34500 теңге айыппұл күтіп тұр.

Ал әкімшілік кодекске енгізілген өзгерістерге байланысты енді осы жылдың наурыз айынан бастап қоғамдық орындарда балағат сөздер айтқаны үшін жаза күшейетін болды. Бұрын осындай тәртіп бұзғандарға 5 АЕК (17250 теңге) айыппұл салынса, енді 20 АЕК (69000 теңге) айыппұл немесе 30 тәулікке қамауға алынады.

Израиль Иранның қорғаныс кешеніне ұшқышсыз ұшақпен жасырын соққы берді деп жазды The Wall Street Journal басылымы.

АҚШ пен Израильдің әскери шенеуніктері ресми Тегеранның әрекетін бақылау және Ресеймен әскери ынтымақтастығын талқылап жатқан кезде шабуыл орын алды.

Естеріңізге сала кететіні, бұған дейін АҚШ пен Израиль 7500-ден астам сарбазы қатысқан бірлескен әскери оқу-жаттығу өткізді.



Үндістан биыл халық саны бойынша Қытайдан асып түсуі мүмкін.

Жуырда Біріккен Ұлттар Ұйымы осындай дерек келтірді. Бүгінде бұл елде 1 миллиард 422 миллион адам өмір сүреді және бұл көрсеткіш жыл соңына дейін тағы көбейеді. Ал Қытай демографиялық проблемаларға тап болып отыр. Елде халық саны азайып барады. Бұған, ең алдымен, бала туу көрсеткішінің тым төмендеп кетуі әсер еткен. Сонымен қатар азаматтардың неке қиып, отбасын құруға асықпауы да – бір себеп.



САЙЛАУ-2023: 12 МЛН-ҒА ЖУЫҚ АДАМ ДАУЫС БЕРЕДІ

Орталық сайлау комиссиясы 19 наурызда өтетін сайлауға қажетті дайындық жұмыстарын бастады. Ең алдымен, сайлаушылардың тізімі жасалады. Әрбір азамат сайлау тізіміне бір рет қана енгізіледі. Сонымен қатар, сайлаушыларға өздерінің тізімде бар-жоғын жеке тексеруге мүмкіндік беріледі.

Сайлаушылардың тізімін жасау – сайлау процесінің маңызды элементі. Өйткені себебі, барлық азаматтар осы тізім бойынша сайлауда өздерінің конституциялық дауыс беру құқығын жүзеге асыра алады. Сайлаушылардың тізімдерін Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) жасайды.

«Биылғы 1 қаңтар және былтырғы 1 шілдедегі жағдай бойынша Орталық сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімін жасайды. Оған белсенді сайлау құқығы бар азаматтар тұрақты тіркелген жері бойынша қосылады. Әрбір сайлау науқанында азаматтардың тұрақты тіркелген жері және дауыс бергісі келетін учаскелеріне өтінім беру мүмкіндігі ескеріле отырып, сайлаушылардың тізімі жеке түзіледі» деп мәлімдеді Орталық сайлау комиссиясының отырысында ОСК төрағасының орынбасары Константин Петров.

Ол Орталық сайлау комиссиясы 2023 жылғы 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес сайлаушылардың тізімін жинақтайтынын айтты. «Оған алдын ала тұрғылықты жері бойынша бөлінген 11970406 сайлаушы кірді. Сайлаушылардың ең көбі – 1177507 сайлаушы Түркістан облысында, ал ең азы – 138 277 сайлаушы Ұлытау облысында тіркелді» деді К.Петров.



Оның айтуынша, тізімдегі сайлаушылардың қайталануын болдырмау үшін ОСК барлық өңірдегі мәліметтерге қосымша талдау жүргізеді. Егер қайталанған деректер анықталса, онда ОСК өңірдердің жергілікті атқарушы органдарына тізімдерді ретке келтіруді тапсырады. Осындай тексеру тәртібі тізімнің қайталануына жол бермейді. Әрбір азамат сайлау тізіміне бір рет қана енгізіледі. Сонымен қатар, сайлаушыларға өздерінің тізімдерде бар-жоғын жеке тексеруге мүмкіндік беріледі.

«Дауыс беру күніне 20 күн қалғанда, яғни 26 ақпанда тұрақты тұратын жердегі сайлаушылардың тізімдері сайлау учаскелеріне тапсырылуы тиіс. Сайлау учаскесі бес күн ішінде оларды таныстыруға дайындайды. 4 наурыздан бастап әрбір сайлау учаскесі бойынша тізімдер көпшілік назарына ұсынылуы керек. Яғни әр азамат сайлау учаскесіне келіп, тізімге енгізілгенін немесе өзі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы» деп түсіндірді Константин Петров. Яғни, 2023 жылғы 4 наурыздан



Дауыс беру күніне 20 күн қалғанда, яғни 26 ақпанда тұрақты тұратын жердегі сайлаушылардың тізімдері сайлау учаскелеріне тапсырылуы тиіс. Сайлау учаскесі бес күн ішінде оларды таныстыруға дайындайды. 4 наурыздан бастап әрбір сайлау учаскесі бойынша тізімдер көпшілік назарына ұсынылуы керек. Яғни әр азамат сайлау учаскесіне келіп, тізімге енгізілгенін немесе өзі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы

бастап учаскедегі сайлаушылар тізіміндегі деректері тексеру мүмкіндігі беріледі.

САЙЛАУҒА ҚАЙ ПАРТИЯЛАР ҚАТЫСАДЫ?

Мәжіліс пен мәслихат сайлауына 7 партия қатысады. «Қазіргі уақытта Қазақстанда 7 саяси партия тіркелген және жұмыс істеп отыр. Олар: «Қазақстанның Халық партиясы» 2002 жылы сәуір айында тіркелген; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы 2000 жылы наурыз айында тіркелген; «Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы» 2007 жылы қаңтар айында тіркелген; «AMANAT» партиясы 1999 жылы ақпан айында тіркелген; «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы 1999 жылы ақпан айында тіркелген; «Байтақ» қазақстандық жасылдар партиясы 2022 жылы қараша айында тіркелген; «Республика» партиясы 2023 жылы қаңтар айында тіркелген» деді Әділет министрінің орынбасары Алма Мұқанова Орталық сайлау комиссиясының отырысында.

27 қаңтарда «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы» мен Respublica партиясы бірқатар өңірде мәслихат депутаттарын сайлауға қатысатынын мәлім болды. «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы 2023 жылғы 21 қаңтардағы қаулымен мәслихат депутаттарын сайлауға тек үш облысқа ғана жіберілді. Қазіргі уақытта партия филиалдары бірқатар басқа облыстарда және Алматы, Шымкент пен Астана қалаларында құрылды. Respublica партиясы да қазіргі уақытта өздерінің филиалдарын құрған аймақтарда ғана мәслихат депутаттарын сайлауға жіберіледі. Осыған орай «Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясын» Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Түркістан, Шығыс Қазақстан облыстарының, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының барлық деңгейдегі мәслихаттарының сайлауға қатысуға жіберудің кейбір мәселелері туралы қаулыны, Respublica партиясының Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының барлық деңгейдегі мәслихаттарының депутаттарын сайлауға қатысуға жіберу туралы қаулыны қабылдау ұсынылады» деп түсіндірді ОСК отырысында комиссия мүшесі Шавкат Өтемісов.

Ғалия АЛПЫСБАЕВА,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры:

АШЫҚТЫҚ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған Парламенттің төменгі палатасына және барлық деңгейдегі мәслихаттарға сайлауы – елдегі азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға бағытталған, өткен жылы басталған саяси жүйе реформасының жалғасы деуге болады. 2022 жылғы маусымдағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен түзетулер депутаттық корпусы қалыптастырудың сайлау жүйесі мен тетіктерін өзгертуге бағдарланған. Президенттің сөзімен айтқанда, бұл «Билік тармақтарын әділ және бәсекеге қабілетті ережелерін» қамтамасыз етеді. Егер бұрын Мәжіліс құрамында 107 депутаттың 98-і (бұл 91%-дан астамы) 7 пайыздық шек кезінде партиялық тізімдер бойынша жалпыға бірдей дауыс беру арқылы сайланса, ал 9 депутатты Қазақстан халқы ассамблеясы сайласа, енді жаңа сайлау жүйесі бойынша төменгі палата депутаттарының 70%-ы (Мәжілістегі 69 орын) партиялық тізімдер бойынша 5% шекпен сайланатын болады. Депутаттардың қалған 30%-ы (29 орын) бір мандатты округтер бойынша сайланады.



Аралас сайлау жүйесіне көшу және саяси партиялар үшін өту кедергісін төмендету, әйелдер, жастар және ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін 30% квота енгізу барлық сайлаушылардың мүдделерін сақтауға мүмкіндік береді деп болжанады. Жаңа жүйе бойынша ел Парламентіне қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың өкілдері, сондай-ақ өзін-өзі ұсынған кандидаттар етеді. Алдағы сайлаудың тағы бір маңызы сонда – сайлау бюллетеніне «бәріне қарсы» деген баған енгізіледі, бұл биліктің сайлау процесінің ашықтығы туралы айтады. Әрине, оның сайлау бюллетеніне енгізілуі сайлау қорытындыларына түбегейлі әсер етеді деп ойламаймын, бірақ заңды наразылық нысандарының бірі ретінде бұл халықтың саясатқа және билік әрекеттеріне қанағаттануының көрсеткіші болуы мүмкін.

Ассоль МИРМАНОВА,
саясаттанушы, халықаралық және Еуропалық саяси кеңесшілер қауымдастығының мүшесі:

НАҚТЫ ӨЗГЕРІСТЕР КЕРЕК



– Президенттің Мәжілісті таратуы саяси жүйені мүмкіндігінше тезірек жаңартуға деген ұмтылыстың символдық әрекеті ретінде қарастырылуы керек, өйткені қазақстандықтардың нақты өзгерістерге сұранысы басым болып отыр.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатына негізделген орнықты басқару моделін құру және билікті неғұрлым теңдестірілген түрінде бөлу бойынша айтқан сөзі болатын. Қасым-Жомарт Тоқаев саяси жүйені толыққанды қайта қосу мерзімінің уақытын көрсетіп, осы жылдың ортасына дейін деп белгілеген болатын.

Бұл – Президенттің өзі үшін де оның әкімшілігі үшін де сонымен бірге жалпы қоғамдық институттар үшін де үлкен сынақ. Яғни, партиялардың, олардың ұсынған кандидаттарының, медиа т.б. әлсіздігіне байланысты біздердің күткен үмітіміз жекеден шығып, ойлаған нәтижелеріне сәйкес келмеуі мүмкін.

Бүгінгі қазақстандықтар, тұтастай алғанда, саяси жүйе-

нің тиімділігіне аса қат болып тұрған мына жағдайға қарамастан азаматтардың саяси жүйеге араласуында белсенділіктен гөрі, саналы түрде енjarлығы басым қоғам екенін ескеру керек.

Біздің партиялардың проблемасы – сайлау аралық кезеңде нақты электорат үшін күнделікті нақты бәсекелестіктің болмауы.

Жаңадан құрылған партиялардан үміттенуге болар еді, алайда олар сайлау уақытына дейін бедел жинап, айтарлықтай деңгейге жетіп үлгермейді.

Шындығында көпке танылмай болу сайлаушыларының сенімінен шығады деген мағына бермейді. Жаңа партияларда платформалары барынша күшті болса да сайлаушыларымен үгіт жұмыстарын жасап үлгермейді.

Сондықтан бұл науқанға баға бере отырып, партиялар арқылы емес, Мәжіліске бір мандатты депутаттарды қабылдау арқылы жүйені қайта іске қосу, яғни Президент Қасым-Жомарт Тоқаев уәде еткен жүйені қайта іске қосу, жүйелі өзгерістерге қатысты уәде межесінен шығады.

Біз өмір сүріп жатқан қызықты уақытты ескере отырып, бұл маңызды оқиға дер едім. Парламент Мәжілісі мүшелердің тең жартысы емес, 30% ғана екені өкінішті. Менің ойымша, егер «еркіндік ауасы» эксперименті сәтті болса, пропорциялар болашақта өзгеруі мүмкін.

Бірақ қазір ең бастысы – қай бағытта да реформалармен алысқа бармай, мүдделер тепе-теңдігін табанды түрде сақтау.

2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗ

МӘЖІЛІС ЖӘНЕ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІМДЕРІ

- Сайлауға қатысу үшін қажетті шарт сайлаушылар тізіміне сайлаушылардың енгізілуі болып табылады.
- Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті әкімдік жасайды.
- Сайлау тағайындалған сәттен бастап әрбір сайлаушы тиісті әкімдікте сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

#менсайлауғабарамын #мендауысберемін #сайлау2023

ӘДІСТЕМЕЛІК ДӘРІСТЕРДІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін дамыту қажет. Бұл ретте әдістемелік дәрістердің берері мол. Осы туралы елордалық Коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында өткен брифингте Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталық басшысы Сын-дар Дауешова мен орталық басшысының орынбасары Алма Мұхамеджанова мәлімдеді.

**Гүлбаршын
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Астана қаласы Білім басқармасының құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Әдістемелік орталық оқу-тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз ету, инновациялық процестерді енгізу, білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру және кәсіби құзыреттілігін жетілдірумен айналысады. Орталық басшысы Сын-дар Дауешованың айтуынша, 2023 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша мектепке дейінгі білім беруде – 1062, орта білім беруде – 5247, қосымша білім беруде – 373, арнайы білім беруде – 20, техникалық және кәсіптік білім беруде – 224, жалпы саны 6926 педагогты (32,2%) біліктілікті арттыру курсынан өткізу жоспарланып отыр. Білім сапасын арттыру мақсатында оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, басқару жүйесінің тиімділігін анықтауға бағытталған зерттеулер мен зерделеуде ұсыныстар әзірленіп, жүргізілуде.

– Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту бағытында 171-і – шеберлік сынып, 616-сы – қалалық семинар, 338-і – оқыту семинары, 37-сі – кәсіби конкурсы, 53-і – конференция мен форум, 4187-сі – педагогқа педагогикалық кеңес, 220-сы – әдістемелік күн, сондай-ақ 52 әдістемелік десант ұйымдастырылса, 830 педагогтың

сабақтарына қатысып, 192 инновациялық жобалар мен эксперимент алаңдары ашылды. Атап айтсақ, «Цифрлық педагогика: оқыту және практика» әдістемелік сүйемелдеудің ашық онлайн алаңы. Әдістемелік орталықтың сайтында <http://online-metod.kz> платформасында 221 онлайн-семинар мен шебер-сынып ұсынылған, – деді С.Дауешова.

«Елордалық электрондық мектеп» электрондық платформасы (elorda-mekter.kz) – 13536 қысқа мерзімді сабақ жоспарлары, бейне сабақтары бар жүйелік-әдістемелік кешен. Барлық сабақтар стандартқа, бағдарламаға сәйкес жүктелген және бұл оқушыға, педагогтарға арналған ашық платформа.

Елорда педагогтары үшін ғалымдар өзара тәжірибе алмасып, жекелеген пәндер бойынша білім алушыларға арналған сабақтар өткізілуде. Жобаның бұл түрі «Профессор сабағы» деп аталады. Ал «Share» – іс-әрекетті зерттеуге бағытталған жобаға 22 мектептен 180-нен астам педагог қатысып, 2022 жылы 56 педагог Лондонда тағалымдамадан өтті.

– «Құндылыққа негізделген білім беру» жобасы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және академиялық үлгерімін арттыруға, әлеуметтенуге, кәсіби бағдарлануға, сыни ойлауды дамытуға, экологиялық мәдениетті, салауатты және қауіпсіз

өмір салты мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Бүгінгі таңда жобамен №4, №8, №9, №29, №37, №54, №55, №76, №86, №87 және №88 мектептер айналысуда. Атаулы жоба аясында 2023 жылы «Qtalks» жобасы қала педагогтарына таратылатын болады. Сонымен қатар осы оқу жылынан бастап «Жас орынбасарлар», «Тәлімгерлер», «Үздік педагогтар», «Жас директорлар», әрбір пән бойынша «Жас педагогтар» жобасы жұмыс істеуде. «Жас директорлар» клубы мүшелігіне қала бойынша 3 жылға дейінгі мерзімге 32 орта білім беру ұйымдарының басшылары енді. Кәсіби қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізген, шығармашылықпен жұмыс істейтін, талантты педагогтарды анықтау үшін өткен жылы «Үздік педагог» байқауы ұйымдастырылды. Білім алушыларға және педагогтарға әдістемелік сүйемелдеу мақсатында мониторингтер мен зерттеулер өткізілді, – деді орталық басшысы.

Педагог мамандығының беделін дәріптеу, үздік педагогикалық тәжірибелерді тарату мақсатында «Елордалық білім» газеті мен «Астаналық әдістеме» журналы шығып тұрады. Бас қала ұстаздарының танымдық-тәрбиелік мақалалары осы мерзімдік баслымдарда тегін жарияланады.

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» басшысының орынбасары Алма Мұхамеджанова 2023 жылы атқарылатын маңызды іс-шараларға тоқталды. Бұл ретте

педагогтарға көмек ретінде «Функционалдық сауаттылық: қолдану технологиялары мен практикасы» ақпараттық-әдістемелік бюллетенін шығару, «Әдістемелік күн», «Әдістемелік десант», «Профессор сабағы» жұмыстарын жалғастыру, мектепшілік бақылау жүйесін жетілдіру, тәрбие жұмысында құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында зерттеу жүргізу және инновациялық жобалар мен эксперименттік алаңдарды іске асырудың аралық және қорытынды мониторингін жүргізу жоспарланып отыр.

Ағымдағы жылы мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің ынтымақтастығын, білім берудегі үздіксіздік пен сабақтастықты қамтамасыз ететін «Педагогтар сабақтастығы» жобасын енгізу көзделуде. Жоба аясында «Менің алғашқы мектебім» акциясы жүзеге асырылады. Сондай-ақ педагогтарды педагогикалық-философиялық тұрғыдан ағарту жұмысын жүргізу бағытында «Абай кіші академиясы», «Qtalks» жобаларын енгізу және ақпан айынан бастап оқушыларға кәсіби бағыттау мақсатында «Тағалымдық сабақ» жобасы жүзеге асырылмақшы.

– «Ақылды сынып. Ақылды демалыс» жобасы арқылы білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша ЮНИСЕФ халықаралық ұйымымен ынтымақтастық орнату да жоспарда бар, – деді басшы орынбасары.

Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаев Астана қаласы Құрылыс басқармасының басшысы Төлеген Құлүшевпен бірге «Өндіріс» тұрғын алабындағы әлеуметтік нысандарды аралады.

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР – БАСТЫ НАЗАРДА

Аралату барысында аталған тұрғын алаптағы әлеуметтік нысандардың, оның ішінде өткен жылы қосымша жөндеу жұмысы жүргізілген №23 мектептің бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Осыған дейін аталған білім ордасының құрылыс жұмысы мен ағымдағы жөндеу жұмысы бойынша бірқатар өтініш пен сұрақ келіп түскен болатын.

Аталған мәселені назарға алып, толыққанды шешу мақсатында тиісті аралау жұмысы жүргізіліп, жауапты мердігер ұйымдарға аудан әкімі мен Құрылыс басқармасы басшысының тарапынан тиісті тапсырмалар жүктелді.

Кездесу барысында, бұдан бөлек, «Өндіріс» тұрғын алабындағы жаңадан бой көтерген дене-шынықтыру сауықтыру кешенінің ағымдағы жағдайы тексерілді.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛУДЕ

Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев жеке қабылдауын өткізді.

Тұрғындар апта сайын аула аумақтарын абаттандыру, көшелерді, аулаларды қосымша жарықтандыру, сондай-ақ әлеуметтік көмек көрсету мәселелерін әкімдік қабырғасында шешуді талқылайды.

Қазірдің өзінде көктем мезгілі қарсаңында тұрғындардан қосымша абаттандыру жұмыстарына қатысты өтініштер көбейіп келеді. Келіп түскен өтініштер тізімге енгізілген, қаржыландыру бөлінген жағдайда ағымдағы жылдың өзінде жұмыстар жүргізілетін болады.

Бұл ретте жиі кездесетін мәселе – тұрғындардың жосықсыз құрылыс салушылар туралы шағымдары, меншік иелерінің бірлестіктерін құрудағы қиындықтар, үйлерді пайдалануға беру үшін құжаттарды алу. Осының бәрі кезең-кезеңімен бірлесіп шешіледі.

Басқарма қызметкерлері жосықсыз құрылыс салушыларға байланысты туындаған мәселелерді шешуде консультативтік көмек көрсетеді.

СЫРТҚЫ ЖАРНАМА ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

Былтыр Астанада 1000-нан аса заңсыз немесе сөзінде қатесі бар жарнама алынып тасталды. Биыл да күн сайын әр аудан көшелерінде осындай жұмыс жалғасып жатыр. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы ретке келтіру жұмысымен қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі, Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармалары, қала аудандары әкімдіктері мамандарынан құралған арнайы жұмыс тобы айналысып жатыр.

**Аманғали
ҚАЛЖАНОВ**

Өткен жылы қаладағы төрт аудандағы көшелерге рейд ұйымдастырылды. Мыңдаған нысан тексеріліп, кәсіп иелеріне заң талаптары түсіндірілді. Орын алған заң бұзушылықтар бойынша нысан иелеріне жадынама таратылып, түзетуге ұсынымдар берілді.

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркептің айтуынша, елордада сыртқы және ішкі көрнекі ақпараттарды заң талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу кезінде тиісті шараларды атқару мақсатында ауқымды жобалар қолға алынған. Атап айтқанда, «Қазақ тілі» қоғамымен бірге «Көрнекі» жобасы жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында орын алған заң бұзушылықтарды қоғам өкілдерімен бірлесіп оқыту жобасы жоспарланған. «Көпекі» жобасы

Қазақстандағы көрнекі ақпарат таралуын реттейтін заңдардың орындалуын қамтамасыз ету арқылы көрнекі ақпараттың сапасы мен санын жетілдіру мәселесіне бағытталған.

Аталмыш басқарма мен Астана қаласының «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Осы меморандум аясында сауда орталықтары, қоғамдық тамақтану орындарының, қызмет көрсету, басқа да нысандар басшылығымен жүйелі негізде кездесулер өткізіледі. Бірлескен кеңестерде тілдер туралы заңнаманың талаптарына сәйкес сыртқы жарнама мен көрнекі ақпаратты орналастыру халыққа мемлекеттік тілде қызмет көрсету мәселелері талқыланады.

Былтыр елордадағы «Шапағат», «Гарант Сити», «Джафар», «Тұлпар», «Жаннұр», «Алматы», «Окан Мерей», «Ай-мақтау», «Солтүстік», «Хан Шатыр», «Сар city» сауда үйлері және «Ұлжан», «Орда», «Шарын»,

«Әсем», «Сарыарқа», «Көк», «Орда», «Биг Шанхай» сауда кешендерінің базарында онлайн және офлайн форматында жиналыстар ұйымдастырылды. Қаладағы «MEGA Silk Way», «Әлем», «Сарыарқа», «Keruen City», «Шапағат», «Астаналық базар» сауда орталықтарының басшыларына ресми түрде хат жолданды.

Өткен жылдың күзінде Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасымен бірлесіп, елордадағы сауда орталықтары басшыларымен тіл туралы заңнама талаптарының орындалу және бақылау-кассалық машиналар арқылы мемлекеттік тілде берілетін түбіртектер мәселелері бойынша жиналыс өткізді. Кәсіпкерлерге «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша түсіндіріліп, мемлекеттік тілде тектерді шығаруға қатысты хабарлама сипатындағы ұсыныстар берілді.



Соның ішінде «Думан», «Rixos Astana», «Sheraton Astana», «Saad», «Alanda», «Radisson», «The Ritz-Carlton Astana», «Ramada by Wyndham Astana», «King Hotel Astana», «Hampton by Hilton Astana», «The St. Regis Astana», басқа да қонақүй басшылары мен өкілдеріне онлайн түрде жиналыс ұйымдастырылды. Кездесу барысында Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңның талаптары, соның ішінде маңдайшалар, сыртқы жарнама мен көрнекі ақпараттарды заң талаптарына сәйкестендіру, тұтынушыларға мемлекеттік тілде қызмет көрсету мәселелері талқыланды. Кездесу соңында бизнес өкілдері көтерілген мәселелер бойынша сұрақтарына жауаптарын алды.

Өткен жылы «Сауда-саттыққа қажетті сөздер жиынтығы» қалта кітапшасы және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының заңын түсіндіретін 2000 жадынама әзірленіп, сауда орталықтары мен дүкендеріне таратылды.

«Бір өкініштісі, мемлекеттен түрлі жеңілдік берілгенін, өздерін құзырлы органдардың тексере алмайтынын пайдаланып, тіл заңын оңды-солды бұзатын кәсіпкерлер азаяр емес» дейді Сәкен Есіркеп. Сондықтан қазір тиісті жұмыс күшейтіліп жатыр.

«Тіл туралы» заңның 21-бабына сәйкес, мемлекеттік емес ұйымдардың маңдайшалары мемлекеттік тілде, қажет болған

кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Хабарландырулар, жарнама, преискуртантар, баға көрсеткіштері, ас мәзірлері, нұсқағыштар және басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған кезде орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де орналастырылады. Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында), таңбаламаларында, нұсқаулықтарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде қажетті ақпарат болуға тиіс. Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары, нұсқаулықтары импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі. Деректемелер мен көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде – сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде оң жағына немесе төменгі жағына орналастырылады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажетіне қарай деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде беріледі.

№12 (4445) 31/01/2023 Сейсенбі

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Жақында елордалық цирк жанындағы алаңда Керей мен Жәнібек хан, Ә.Бөкейхан, Сығанақ көшесінің тұрғындары жиналып, рұқсат етілген митингте «VI Group» ЖШС жаңа тұрғын үй кешені – Mangilik Residence-тің бой көтеруіне қарсылық білдіріп, Президенттен көмек сұрады.

Естеріңізде болса, 2022 жылы наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана және Алматы қаласының әкіміне тұрғын үй кешендерінің маңында қабаттастырып көпқабатты тұрғын үй құрылысын жүргізбеуді тапсырды.

ТҰРҒЫНДАР
НЕГЕ РЕНЖІДІ?

Сәуір айында Астана қаласы әкімдігінің қаулысымен аталған аумақта егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына толықтыру енгізіліп, соған сай Mangilik Residence тұрғын үй кешенінің скверге ауыстыру туралы шешім шығарды. Аумақ тұрғындары бұл шешімге қуанғанмен, онысы ұзаққа созылмай, тамыз айында тұрғын үй кешенінің құрылысы басталады деген хабар тарады. Сөйтіп, Президент тапсырмасына қарамастан, тұрғын үй бой көтеретін болды.

Құрылыс компаниясы бұған байланысты интернеттегі ресурсында былай түсінік берді: «2021 жылы 2 наурызда эскиз жобасы Қалалық сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасымен келісілді. 30 қыркүйекте «Мемсараптама» РМК инженерлік желілер мен үй құрылысына экологиялық және мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын берді. Авторлық, техникалық қадағалау және бас мердігерлік шарт жасалды. 2022 жылы 11 қаңтарда қала әкімдігі үлескерлердің ақшасын тартуға рұқсат берді».

Құжат тұрғысынан VI Group-тікі дұрыс. Бірақ тұрғындардың өз уәжі бар. Сол себепті митингке шығып, өз талап-тілегін айтып, мәселе көтеріп жүр. Мұның жай-жапсарын Caspian Palace тұрғын үй кешенінің тұрғыны Әбілғазы Дүйсембиев тарқатып берді.

– Қаланың бас жоспары бойынша музыка мектебі жоспарланған-ды. Оны өзгертіп, орнына 16 қабатты тұрғын үй кешені бой көтеретін болды. Негізі, Мәңгілік ел көшесінде көлік ағыны жоғары, кептеліс жиі орын алады. Жер жетпей қалғанда, өзі тар кварталда көпқабатты үй салмақшы. Тұрғын үйлері тығыз орналасқан кварталдарда құрылыс осы қарқынмен жалғаса берсе, өмір сүруге қолайлы, ыңғайлы болудан қалады, – деп қынжылды қала тұрғыны.

Президент ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын алпауыт компаниялар елеп-ескермейтінін осылай танытуда.

– Құрылыс компаниясының қолы ұзын, қаржысы мол. Сондықтан олар үшін бәрін заңдастырып алып, белден басу қиын емес. Қала тұрғындарының қауіпсіздігі, жайлы өмірін қайда қоямыз?! Біз қайда барып, кімге жүгінеміз? Соны білмей отырмыз. Аталған аумақта ғимараттар өте тығыз



ЖЕР ЖЕТПЕЙ МЕ, ҚАНАҒАТ ЖЕТПЕЙ МЕ?

немесе мінгестіріп үй салу кімге тиімді?

Сырттан келген адам Астанада әлеуметтік инфрақұрылым өз деңгейінде жетіспейтінін бірден байқайды. Оның орнына тұрғын үй кешені тығыз салынған кварталдарда үй үстіне үй салынып жатқандай әсер алады. Расында, соңғы жылдары елорданың әкімшілік аумағы кеңейіп, кезінде ашық-шашық жатқан жерлерде биік-биік тұрғын үй кешендері бой көтерді. Керек десеңіз, қаншама көл айдыны тегістеліп, оның орнына жаңа шағын аудандар пайда болды. Әрине, мұның жақсы жағы да, әттеген-ай дейтін тұсы да бар.

орналасқан. Бұл өрт қауіпсіздігі стандартына сай келмейді. Инженерлік коммуникация – су, электр қуаты мен жылуудың жүктемесіне әсер етіп, тапшылық тудырады. Қазірдің өзінде жылу қуаты азайып, су қысымына шағымданатындар көп, – дейді Әбілғазы Дүйсембиев.

Рас, Астана қаласында жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көпқабатты тұрғын үйлер көбейді. Шын мәнінде, әр тұрғын үй кешенінің тұрғыны есепке алынып, соған сай мектеп, балабақша, емхана, спорт кешені салынуы керек. Өйткені көпқабатты тұрғын үйдің аумағына қарай 100 пәтерден 1500 пәтерге дейін болуы мүмкін. Енді нарықтың бағамымен пәтердің бағасын есептеп, компания бір тұрғын үйден қанша табыс табатынын анықтау қиын емес.

Міне, мінгестіріп үй салу кім үшін тиімді екенін осыдан-ақ байқауға болады. Мейлі тұрғын үй кешені аумағында әлеуметтік инфрақұрылым – мектеп, балабақша, емхана салынбаса да, биік-биік үйлер салып, оны сатып, табыс таба беру керек. Құрылыс компанияларының бар мақсаты – осы. Мұның артында үлкен әлеуметтік мәселе тұр. Тіпті бірнеше жылда тұрғын үйлері тығыз салынған кварталдар «саяси-әлеуметтік шиеленіс ошағына» айналуы әбден мүмкін. Mangilik Residence тұрғын үй кешені бой көтеретін аумақтағы мектеп директорларымен хабарластық. Ең жақын орналасқан №77 мектеп-гимназиясының

жалпы сыйымдылығы – 1200. Қазір онда 1504 оқушы білім алады. Сол маңда 1200 орынға арналған №75 мектеп-гимназиясында – 3600, №76 мектеп-лицейінде 2400 оқушы оқиды. Тұрғын үйлері тығыз орналасқан бұл кварталда алдағы уақытта адам саны көбейіп, онсыз да тапшылығы бар мектептерде орын жетіспеушілігі сезілетін болады. Өзге де әлеуметтік нысандар жайлы осылай деуге болады.

Екінші жағы, елордада тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулет-архитектурасына сай келмейтін құрылыс нысанының саны артты. Құрылыс саласында ширек гасырдай еңбек етіп, елорданың іргелі құрылыс нысандары бой көтеруіне қатысқан Самат Шәдімханнның сөзінше,



Естеріңізде болса, 2022 жылы наурыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана және Алматы қаласының әкіміне тұрғын үй кешендерінің маңында қабаттастырып көпқабатты тұрғын үй құрылысын жүргізбеуді тапсырды

тұрғын үй салу – үлкен бизнес, қомақты қаржы алаңы.

